

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 желтоқсандағы N 1282 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 қарашадағы N 1124 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының Женева қаласындағы (Швейцария Конфедерациясы) Біріккен Ұлттар Ұйымының бөлімшесі мен басқа да халықаралық ұйымдар жанындағы Тұрақты Өкілі резиденциясының ғимаратын жобалау және салу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 желтоқсандағы N 1282 қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

2 - т а р м а қ т а :

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңы 24-1-бабының 6-тармағына сәйкес" деген сөздер алынып тасталсын;

2) тармақшадағы "сомада кезең-кезеңмен" деген сөздерден кейін ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) 2005 жылға арналған республикалық бюджетте 009 "Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерін орналастыру үшін шетелде жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алу және салу" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен валюта айырбастаудың берілетін күнгі нарықтық бағамы бойынша 870000 (сегіз жүз жетпіс мың) АҚШ долларына баламалы".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі